

1. «Коммуникация» білім беру саласы бойынша 3-4 жасқа дейінгілерде сөйлеудің дыбыстық мәдениеті қалыптасатын тілдік дағдылар
  - A) саусақ ойындарына арналған тақпақтарды жатқа айтады
  - B) дауысты және дауыссыз дыбыстарды дұрыс дыбыстай алады
  - C) ересектердің айтқан сөздері мен сөз тіркестерін айтады
  - D) дыбыстарды анық, дұрыс, мәнерлеп айта алады
  - E) сөйлеуге деген қызығушылығы артады
  - F) өзіне ұнайтын бірнеше шығармаларды атай алады
  - G) сөздердің дыбысталуын тыңдай отырып, оларды анық айтады
2. Антоним, синоним сөздердің қолданылу сапасы мен санын анықтау нысаны
  - A) ауызша сөйлеу тілі
  - B) байланыстырып сөйлеу
  - C) жазу дағдылары
  - D) тілдің дыбысталу мәдениеті
  - E) жалғаулар мен жұрнақтардың дұрыс қолданылуы
  - F) сауат ашу
  - G) тілдің грамматикалық құрылымы
  - H) септік, жіктік жалғауларының қолданылуы
3. Білім, ептілік және дағдыларды игеру барысын бақылау үшін жүргізілетін әрекет жүйесі
  - A) қадағалау
  - B) тексеру
  - C) талдау
  - D) жинақтау
  - E) бақылау
  - F) диагностикалау
  - G) индикатор
  - H) мониторинг
4. Ата-аналармен дебат өткізудің ерекшелігі
  - A) жаңа коммуникативтік және мінез-құлықтық нормаларды енгізудің жеңілдеуі
  - B) тең құқылы жағдайда пікір алысу
  - C) кезекпен хабарлама айтып, тосын сұрақтарға жауап беру
  - D) жүргізушінің немесе топ мүшелерінің белсенділігін арттыруы
  - E) қарама-қарсы жақ мүшелерінің алдын-ала дайындалған материал формасында өтетін талқылау
  - F) бала мен ата-ана қарым-қатынасын нығайту
  - G) бәсекелестерінің пікірін теріске шығару
  - H) мотивация тудыруы

5. Ұйымдастырылған оқу қызметінің дұрыс өтуі
- A) топ бөлмесінде кереуеттердің болуы
  - B) орындықтар мен үстелдердің балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкестігі
  - C) бөлменің кеңдігі мен көлеңке түсуі
  - D) топ бөлмесінің бос болуы
  - E) тазалығының талапқа сай болуы
  - F) кітап сөресінің болуы
  - G) топ бөлмесінің безендірілуі
  - H) топ бөлмесінің ішінің жарық болуы
6. Эксперимент жүргізу үшін пайдаланылатын тіл дамыту әдістемесінің әдістері
- A) зерттеу материалдарын жинақтау, салыстыру, қорытындылау
  - B) жоба жазу
  - C) ғылыми болжамдар жасау
  - D) тарихи методикалық зерттеулер
  - E) арнайы тапсырма беру
  - F) ғылыми мақала жазу
7. Сауат ашудың синтетикалық әдісі
- A) құрмалас сөйлемді жай сөйлемге бөлу
  - B) сөз, дыбысқа мән беру
  - C) дыбыстан буын, буыннан сөз, сөзден сөйлем жасау
  - D) сөздерді буынға бөлу
  - E) буынды дыбысқа бөлу
  - F) жай сөйлемнен құрмалас сөйлем құрау
  - G) жай сөйлемдегі сөз жиындығын санау
8. Мектеп жасына дейінгі бала тілін дамытуда басты роль атқарады
- A) адамдардың еңбек процесін, табиғат құбылыстарын бақылату
  - B) белгілі бір объектілерге топсаяхатқа апару
  - C) музыкаға баулу
  - D) өмірлік позиция қалыптастыру
  - E) мінез-құлық негіздерін қалыптастыру
  - F) бейнелеу өнеріне баулу
  - G) салауатты өмір салтын қалыптастыру
9. Топта күні бойы істелетін тіл дамыту жұмыстары көрсетілетін жоспар түрі
- A) перспективалық
  - B) апталық
  - C) он жылдық
  - D) айлық
  - E) жылдық
  - F) күнтізбелік

10. Балалардың сөздік қорының даму көздері
- A) байланыстырып сөйлеуге ықпал ету
  - B) ұйымдастырылған оқу қызметі, тәрбиешінің сөзі, басқалармен қарым-қатынасы
  - C) балаларды жаңа материалды қабылдауға даярлау
  - D) теледидар, мультфильм, театр қойылымдарын көру
  - E) сөздің сандық жағынан өсуі
  - F) шығарма кейіпкерлеріне жанашырлық таныту
  - G) білім берудің тиімділігі; мақсат, мазмұн, бақылау, бағалау
  - H) оқиганы эмоционалды қабылдау